

Қазақстан Республикасы кеден органдарының қызметін ақпараттандыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 12 шілде N 960

Қазақстан Республикасы кеден органдарының қызметін ақпараттандыру туралы Кеден органдарының қызметін ақпараттандыруды жетілдіру және Қазақстан Республикасы Президентінің "Кеден ісі туралы" Z952368_ заң күші бар Жарлығының талаптарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) "Акцепт" жабық акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - Акцепт) бірлесіп екі апта мерзімде кеден органдарының Бірыңғай автоматтандырылған ақпарат жүйесін құру бағдарламасының щенберінде қойылған жабдықтарға түгендеу жүргізсін және оның қ ұ н ы н а й қ ы н д а с ы н ;

барлық кеден декларацияларының электрондық көшірмелерін Акцептің коммерциялық негізде ресімдегені үшін 1997 жылғы 30 маусымнан бастап 1999 жылдың 1 шілдесі аралығында түскен ақшаның жалпы сомасын айқындасын;

2) 1999 жылдың 1 тамызына дейін Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті мен Акцепт арасындағы шартқа қол қоюды қамтамасыз етсін, онда:

кеден органдарының Бірыңғай автоматтандырылған ақпарат жүйесін (бұдан әрі - жүйе) құруға арналған жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді, жүйенің жұмыс істеуіне қажетті Акцепт міндеттемелерінің бір бөлігін қоса беру арқылы м е м л е к е т м е н ш і г і н е б е р у ;

мемлекет тарапынан жүйенің жабдықтары үшін төлем ретінде, бұрын оны пайдаланғаны үшін жалдық төлемге жатқызылған сомаларды есептеу;

жүк кеден декларацияларының электрондық көшірмелерін қалыптастыру үшін төлем есебінен қайтарылмаған жабдықтарды қабылдау-өткізу туралы актіге қол қойылатын күнге Акцептің жүйелерді құру жөніндегі шығыстар бөлігіне кезең-кезеңмен төлем жасау көзделсін;

3) Қаржы министрлігінің Қазынашылығында барлық кеден декларацияларының электрондық көшірмелерін коммерциялық негізде қалыптастыру жөніндегі Акцептің эксклюзивтік құқық мәселелерін түпкілікті реттегенге дейін жүк кеден декларацияларының электрондық көшірмелері үшін төлем ретінде түскен барлық сомаларды осы шотқа есептей отырып, арнаулы шот ашуды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

1999 жылдың 1 тамызына дейінгі мерзімде балансына жүйелердің жұмыс істеуіне

қажетті жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді беру жүзеге асырылатын мемлекет 100 % қатысатын мемлекеттік кәсіпорынды немесе акционерлік қоғамды (бұдан әрі - Ұйым) айқындасын және (немесе) құрсын, ал 1999 жылдың 15 тамызына дейінгі мерзімде қабылдау-өткізу актісін ресімдей отырып, Акцептің балансынан осы беруді жүзеге асырсын;

1999 жылдың 1 тамызына дейінгі мерзімде жүйелерді одан әрі дамытуға арналған техникалық тапсырманы Мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру жөніндегі комиссияның шешімімен түзетсін және бекітсін;

Қаржы министрлігімен бірлесіп 1999 жылдың 15 тамызына дейінгі мерзімде түзетілген және бекітілген техникалық тапсырмаға сәйкес жүйелерді құруды одан әрі қаржыландыру жөніндегі нұсқаларды жасасын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен Ұйымға тиісті лицензиялар берсін және жиілікті олардың қорғалуын қамтамасыз ете отырып бөлсін.

4. 1999 жылдың 1 қыркүйегінен бастап "Кеден органдарын автоматтандыру және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті үшін деректер алмасудың республикалық торабын құру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 294-а Р97294а_ қаулысының 1,2,4,5,6-тармақтарының күші жойылды деп танылсын.

5. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және

бәсекені қорғау жөніндегі агенттігі Акцепті қызмет көрсетудің осы түрі бойынша рынокта үстемдік жағдайын иеленетін шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік тізілімінен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 294-а қаулысының жекелеген нормалары күшін жойған күннен бастап алып тастасын.

6. Құпия.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК